

ПРЕСС-РЕЛИЗ

1 июля 2011 года

г. Атырау

В Атырау начались строительные работы по Проекту расширения нефтепровода «Каспийский Трубопроводный Консорциум» (КТК)

1 июля 2011 года на территории НПС «Атырау» состоялась торжественная церемония, посвященная началу строительных работ по Проекту расширения нефтепровода КТК.

В мероприятии приняли участие министр нефти и газа Республики Казахстан Сауат Мынбаев, министр энергетики Российской Федерации Сергей Шматко, управляющий директор по транспорту нефти АО НК «КазМунайГаз» Нуртас Шманов, председатель Правления ОАО «АК «Транснефть» Николай Токарев, представители акционеров и работники консорциума КТК, а также руководители подрядных компаний.

Министры Республики Казахстан и Российской Федерации С.Мынбаев и С.Шматко дали старт сварке первого стыка труб в рамках строительных работ по Проекту расширения нефтепровода КТК.

- Проект КТК имеет особое значение для всех участников той большой и многогранной работы, которая совместно была проделана на всех стадиях реализации проекта – от переговоров и проектирования, до строительства и ввода нефтепровода в эксплуатацию. КТК - это один из ярких примеров успешной реализации масштабных международных трубопроводных проектов, - подчеркнул управляющий директор по транспорту нефти АО НК «КазМунайГаз» Нуртас Шманов.

Проект расширения КТК предусматривает увеличение механической пропускной способности магистрального нефтепровода с 28 млн.т./в год до 67 млн. т./в год для экспорта возрастающих объемов казахстанской и российской нефти на международные рынки.

Реализация данного проекта будет осуществлена в три фазы с завершением в 2015 году. Строительство на казахстанском участке включает модернизацию двух существующих и строительство двух новых нефтеперекачивающих станций, замену участка 88 км. трубопровода, работ по внешнему энергоснабжению и др.

Во время мероприятия состоялась церемония торжественного вручения ключей от трех новых автомашин скорой помощи для медицинских учреждений Атырауской области.

Справочно:

Участниками Каспийского Трубопроводного Консорциума являются: Российская Федерация (представленная Транснефтью – 24% и КТК Компани – 7 %) – 31%; Республика Казахстан (представленная Казмунайгазом – 19% и Kazakhstan Pipeline Ventures LLC - 1,75%) – 20,75%; Chevron Caspian Pipeline Consortium Company - 15%, LUKARCO B.V. - 12,5%, Mobil Caspian Pipeline Company - 7,5%, Rosneft-Shell Caspian Ventures Limited - 7,5%, BG Overseas Holding Limited - 2%, Eni International N.A. N.V. - 2% и Oryx Caspian Pipeline LLC - 1,75%.

За дополнительной информацией обращаться:

Дуйсенғалиев Альжан

a.duisengaliev@kpv.kz, 8 777 777-60-90

Дусталева Альбина

a.dustaleva@kpv.kz, 8 777 951-96-38
Раб. тел.: 8 (7172) 92-56-90, 92-56-91

АО «Национальная компания «КазМунайГаз» - казахстанский национальный оператор по разведке, добыче, переработке и транспортировке углеводородов, представляющий интересы государства в нефтегазовой отрасли Казахстана. 100 процентов акций АО НК «КазМунайГаз» принадлежит АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына».

Қоғаммен байланыс департаменті	Департамент по связям с общественностью	Public Relations Department
АО «Национальная компания «КазМунайГаз»	Республика Казахстан, 010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2011 жылдың 1 шілдесі

Атырау қ.

Атырауда «Каспий Құбыр Консорциумы» (КҚК) мұнай құбырын кеңейту жобасы бойынша құрылыс жұмыстары басталды

2011 жылдың 1 шілдесінде «Атырау» мұнай айдау стансасының аумағында КҚК мұнай құбырын кеңейту жобасы бойынша құрылыс жұмыстарының басталуына орай салтанатты рәсім өтті.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы мұнай және газ министрі Сауат Мыңбаев, Ресей Федерациясының энергетика министрі Сергей Шматко, «КазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай тасымалдау жөніндегі басқарушы директоры Нұртас Шманов, «Транснефть» АҚ» ААҚ Басқарма төрағасы Николай Токарев, КҚК акционерлерінің өкілдері мен қызметкерлері, сондай-ақ, мердігер компаниялар басшылары қатысты.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының министрлері С.Мыңбаев және С.Шматко КҚК мұнай құбырын кеңейту жобасы бойынша құрылыс жұмыстарының шеңберінде құбырлардың алғашқы торабын дәнекерлеуді бастап берді.

- КҚК жобасын жүзеге асырудың келіссөз жүргізу мен жобалаудан бастап, мұнай құбырының құрылысы мен оны іске қосуға дейінгі барлық кезеңдерінде бірлесе отырып жасалған үлкен және көп қырлы жұмысқа қатысқандардың барлығы үшін бұл жоба ерекше мәнге ие. КҚК – ауқымды халықаралық құбыр жобаларын сәтті іске асырудың жарқын мысалдарының бірі, - деп атап өтті «КазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай тасымалдау жөніндегі басқарушы директоры Нұртас Шманов.

КҚК-ны кеңейту жобасы Қазақстан мен Ресей мұнайының күннен күнге артып отырған көлемін халықаралық нарықтарға экспорттау үшін магистральді мұнай құбырының механикалық өткізу қабілетін жылына 28 млн. тоннадан 67 млн. тоннаға дейін арттыруды көздейді.

Аталған жоба үш кезеңде жүзеге асырылып, 2015 жылы аяқталмақ. Қазақстан аумағында жүргізілетін құрылыс аясында қолданыстағы екі мұнай айдау стансасын жаңғырту, жаңа екі станса салу, құбырдың 88 шақырым телімін ауыстыру, сыртқы энергиямен жабдықтау және тағы да басқа жұмыстар жүзеге асырылмақ.

Іс-шара барысында Атырау облысының медицина мекемелеріне арналған үш жаңа жедел жәрдем автокөлігінің кілтін салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті.

Анықтама:

Ресей Федерациясы (Транснефть – 24% және КТК Компани – 7 %) – 31%; Қазақстан Республикасы (Казмұнайгаз – 19% және Kazakhstan Pipeline Ventures LLC - 1,75%) – 20,75%; Chevron Caspian Pipeline Consortium Company - 15%, LUKARCO B.V. - 12,5%, Mobil Caspian Pipeline Company - 7,5%, Rosneft-Shell Caspian Ventures Limited - 7,5%, BG Overseas Holding Limited - 2%, Eni International N.A. N.V. - 2% және Oryx Caspian Pipeline LLC - 1,75% Каспий құбыр тарту консорциумының акционерлері болып табылады.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі байланыстар бойынша хабарласыңыз:

Дүйсенғалиев Әлжан
a.duisengaliev@kpv.kz, 8 777 777-60-90

Дусталева Альбина
a.dustaleva@kpv.kz, 8 777 951-96-38
Жұм. тел.: 8 (7172) 92-56-90, 92-56-91

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласында мемлекет мүддесін қорғайтын көмірсутекті барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның 100 пайыз акциясы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі.

Қоғаммен байланыс департаменті	Департамент по связям с общественностью	Public Relations Department
ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ., 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	